

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ
БАЛАЛАРДЫ ЕРТЕ ДАМУЫ ИНСТИТУТЫ**



**ЖАС ЕРЕКШЕЛІКТЕРІНЕ СӘЙКЕС ДАМУЫШЫ
БЕЛСЕНДІЛІКТЕР КҮНТІЗБЕСІ**

Астана 2025

*Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі
Балаларды ерте дамыту институты базасында әзірленген*

Жас ерекшеліктеріне сәйкес дамытушы белсенділіктер күнтізбесі:
Күнтізбе. – Астана, 2025. – 16 бет.

Жас ерекшеліктеріне сәйкес дамытушы белсенділіктер күнтізбесінде 0–12 ай, 1–2 жас, 2–3 жас, 3–4 жас, 4–5 жас кезеңдеріне арналған күнделікті әрекеттер іріктемесі ұсынылған. Бұл әрекеттер «Беске дейін үлгер» бағдарламасының негізгі тақырыптарына сәйкес келеді: эмоциялар, қарым-қатынас, ойын, мәдениет, денсаулық. Күнтізбе «күніне бір тәжірибе» форматында берілген.

Аталған күнтізбе 0-ден 5 жасқа дейінгі балалардың ата-аналары мен мектепке дейінгі ұйым педагогтеріне арналған.

Жас ерекшеліктеріне сәйкес дамытушы белсенділіктер күнтізбесі ҚР ОАМ Балаларды ерте дамыту институтының Ғылыми-әдістемелік кеңесінде қаралып, ұсынылған (2025 жылғы 27 мамырдағы № 6 хаттама).

ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА

Беске дейін үлгер бағдарламасы ата-аналарға ерте дамытудың маңыздылығы және отбасы жағдайында балаларға жақсы қарау мүмкіндігі туралы түсініктерін кеңейтетін контент ұсынады.

Контент 10 бағыт бойынша балалармен сабақ өткізуге арналған 120 әрекетті ұсынады:

1. Эмоциялар
2. Мәдениет және бірегейлік
3. Ата-ана/қамқоршының денсаулығы
4. Сөйлеу
5. Креативтілік
6. Қимыл дағдылары
7. Ойлау дағдылары
8. Денсаулық және тамақтану
9. Қарым-қатынас
10. Қауіпсіздік
11. Безопасность

Әрекет түрлі бағытта кіріктіріледі, өйткені олар бірнеше дамытушы мақсаттар мен міндеттерді біріктіреді.

Мектепке дейінгі жастағы баланың дамуы жүйелі және әртүрлі тәсілді талап етеді. Солардың бірі – күнделікті әрекеттерді жас ерекшеліктеріне бейімдеп, тақырыптық түрде біріктірілген құрылымды бағдарлама ретінде ұсынылатын белсенділіктер күнтізбесі.

Белсенділіктер күнтізбесі:

- тәртіп пен реттілікке дағдылану әдетін қалыптастыруға;
- ойын мен шығармашылық арқылы оқу үрдісіне қызығушылықты қолдауға;
- эмоциялық, сөйлеу, қозғалыс және әлеуметтік дамуға ықпал етуге;
- ата-аналар мен педагогтерді бірлескен дамытушы әрекеттерге тартуға көмектеседі.

Әр апта белгілі бір тақырыпқа арналған (мысалы, «Эмоциялар», «Қарым-қатынас», «Ойын», «Мәдениет», «Денсаулық»).

Тақырып аясында әртүрлі белсенділік түрлері ұсынылады:

- танымдық (оқу, бақылау, тәжірибе);
- ойын (рольдік және сюжеттік ойындар);
- шығармашылық (сурет салу, мүсіндеу, музыка);
- қимыл (жаттығу, қимылды ойындар);
- коммуникативтік байланысты (әңгімелесу, драматизация, театрландыру). Күнтізбе қатал кесте емес, бағыттауыш ретінде қызмет етеді. Тәрбиеші немесе ата-ана ұсынылған белсенділіктерді топтың немесе нақты баланың ерекшеліктеріне қарай бейімдей алады. Күнтізбені «күніне бір белсенділік» ретінде пайдалануға болады. Әрбір белсенділік 5–15 минутқа созылады, оны қайталауға немесе әртүрлі тәсілдермен өзгертуге болады.

КҮНДЕЛІКТІ БЕЛСЕНДІЛІКТЕР КҮНТІЗБЕСІ (0-12 АЙ)

Апта күндері	Тақырыбы	Белсенділік	Қалай жүргізеді
Дүйсенбі	Эмоциялар	«Анасының жүзі»	Баланың көзіне қараңыз, күлімдеңіз, түрлі бет-әлпет қимылдарын көрсетіңіз — мұң, қуаныш, таңғалу — және осы эмоцияларды атаңыз. Одан бет-жүзін жабуды, содан кейін ашып, әртүрлі көңіл-күйді (бақытты, таңданған) көрсетуді сұраңыз. Сәбилер адамдардың бет-жүзіне қарау арқылы әлеуметтік белгілерді тануды, сөздер мен ишара арқылы қарым-қатынас жасауды үйренеді.
Сейсенбі	Қарым-қатынас	«Жауапты сөйлесу»	Гүілдеңіз, сәбидің дыбыстарын қайталаңыз, «диалогты» қолдаңыз – тіпті ол әзірге тек дауыс арқылы болса да
Сәрсенбі	Ойын	«Тербету»	Баланы қолыңызда немесе слингте музыка әуенімен тербетіңіз, бұл әрекетті нәзік құшақпен және әнмен сүйемелдеңіз
Бейсенбі	Мәдениет	«Ана тілінде бесік жыры»	Дәстүрлі бесік жырын айтыңыз немесе өз сүйікті музыканызды қосыңыз

Жұма	Денсаулық	«Ішпен жату уақыты»	Сәбиді 2–5 минут бойы қарауылмен ішке жатқызыңыз — мойын мен арқаның бұлшық еттері нығаяды
------	-----------	---------------------	---

КҮНДЕЛІКТІ БЕЛСЕНДІЛІКТЕР КҮНТІЗБЕСІ (1-2 ЖАС)

Апта күндері	Тақырыбы	Белсенділік	Қалай жүргізеді
Дүйсенбі	Эмоциялар	«Айнадағы смайликтер»	 Айнаға қарап, эмоцияларды көрсетіңіз. Оларды атаңыз: «Қуанышты», «Қайғылы», «Ашуланған»
Сейсенбі	Қарым-қатынас	«Ата жіне көрсет»	 «Бұл не?» ойынын ойнаңыз — үйдегі заттарды көрсетіп, баламен бірге олардың аттарын айтыңыз
Сәрсенбі	Ойын	«Қораптармен ойын»	 Бала ойыншықтарға өрмелеп, жинап, орын ауыстыра берсін — моторика мен қиялы дамиды
Бейсенбі	Мәдениет	«Ұлттық күн»	 Өз халқыңыздың музыкасын тыңдаңыз, киімдерін көрсетіңіз, халық ертегісін оқып беріңіз
Жұма	Денсаулық	«Бірге қол жуамыз»	 Қолды үнемі ән айтып жуу. Бала өзі суды қосып, сабынды ысқыласын

--	--	--	--

КҮНДЕЛІКТІ БЕЛСЕНДІЛІКТЕР КҮНТІЗБЕСІ (2-3 ЖАС)

Апта күндері	Тақырыбы	Белсенділік	Қалай жүргізеді
Дүйсенбі	Эмоциялар	«Сезімдер кітабы»	 «Сезімдер туралы кітап оқыңыз» (мысалы, «Мен ренжіген кезде»), талқылаңыз: «Сен ешқашан ренжідің бе?»
Сейсенбі	Қарым-қатынас	«Ойындық диалог»	 Ойыншықтар бір-бірімен сөйлеседі, ал бала оларға көмектеседі — сөйлеу мен өзара әрекеттесу дамиды
Сәрсенбі	Ойын	«Мұнара құрайық»	 Текшелерден немесе жастықтардан мұнара құру — көңілді әрі үйлестіру дағдыларын дамытуға пайдалы
Бейсенбі	Мәдениет	«Әсерлі оқиға»	 Жақсы көретін ертегіні әртүрлі екпінмен, дауыс ырғағымен немесе екі тілде оқу

Жұма	Денсаулық	«Жануарлармен жаттығу»	 Жануарлар сияқты қозғалыңыз: қоянша секіріңіз, жыланша еңбегіңіз — бұл денені және назарды жаттықтырады
------	-----------	---------------------------	--

КҮНДЕЛІКТІ БЕЛСЕНДІЛІКТЕР КҮНТІЗБЕСІ (3-4 ЖАС)

Апта күндері	Тақырыбы	Белсенділік	Қалай жүргізеді
Дүйсенбі	Эмоциялар	«Көңіл-күй кестесі»	 Күлімсіреген, мұңайған, таңданған бейнелері бар күнтізбені бірге жасаңыздар — күн сайын сезімдер туралы әңгімелесіңіздер
Сейсенбі	Қарым-қатынас	«Сөзді жеткіз»	 «Тізбек бойынша» ойынын ойнаңыз: біреу сөз айтады, келесі оған жауап ойлап табады. Бұл диалогты дамытады
Сәрсенбі	Ойын	«Дүкен» рөлдік ойыны»	 Азық-түлік сатып алу ойынын ойнаңыз: кім — сатушы, кім — сатып алушы — кезек күту, таңдау және қарым-қатынас жасауға үйретеді
Бейсенбі	Мәдениет	«Фольклорлық бейсенбі»	 Мақал-мәтелдерді тыңдаңыз, халық ойындарын ойнаңыз («қол шапалақтау»), әндер айтыңыз

Жұма	Денсаулық	«Менің тістерім»	 Тістерді не үшін тазалау керек екенін талқылаңыз, көрсету үшін ойыншықты пайдаланыңыз, содан кейін бірге тістеріңізді тазалаңыз
------	-----------	------------------	--

КҮНДЕЛІКТІ БЕЛСЕНДІЛІКТЕР КҮНТІЗБЕСІ (4-5 ЖАС)

Апта күндері	Тақырыбы	Белсенділік	Қалай жүргізеді
Дүйсенбі	Эмоциялар	«Сезімдер туралы әңгімелер»	 «Бала ойыншығын жоғалтты», «Қыз ренжіді» деген жағдайды ойлап табыңыз — қалай көмектесуге болатынын, кейіпкерлердің не сезінетінін талқылаңыз
Сейсенбі	Қарым-қатынас	«Ойыншықпен сұхбат»	 Бала сүйікті ойыншығынан сұхбат алады: «Атың кім? Қандай тамақ ұнатасың?» — бұл сөйлеу мен қиялын дамытады
Сәрсенбі	Ойын	«Мамандықтар»	 «Дәрігер», «Азпазшы», «Құрылысшы» ойындарын ойнаңыз. Қарапайым заттарды реквизит ретінде пайдаланыңыз
Бейсенбі	Мәдениет	«Менің әлемім»	 Ұлттық мерекелер, дәстүрлер туралы айтыңыз, рәміздерді (мысалы, ту) салыңыз, дәстүрлі тағам дайындаңыз
Жұма	Денсаулық	«Дене мен қамқорлық»	 Дененің қалай құрылғанын қарастырыңыз (көзі қайда, қолдары мен аяқтары қайда), «денсаулық» ойынын ойнаңыз: не жейді, қалай демалады

--	--	--	--

